



Ұлттық бірыңғай және/немесе Кешенді тестілеуде шекті балл  
жинай алмаған тұлғаларға  
өтеулі білім беру қызметтерін көрсету туралы

# ШАРТЫ

*(күндізгі оқу нысаны)*



**Ұлттық бірыңғай және/немесе Кешенді тестілеуде шекті балл  
жинай алмаған тұлғаларға  
өтеулі білім беру қызметтерін көрсету туралы  
ШАРТ  
(күндізгі оқу нысаны)**

Осы Шарт «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті» ММ берген 23/05/2018 жылғы № KZ64LAA00011853 лицензиясы негізінде әрекет ететін «M.S. Narikbaev atynda y KAZGUU Universiteti» АҚ (04.05.2018 жылғы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама), бұдан әрі – «Университет» деп аталады, осы Шарттың талаптарына қосылған Білім алушыларға өтеулі білім беру қызметтерін көрсету шарттарын айқындайды.

Білім алушының, оның заңды Өкілінің осы Шартқа қосылуы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, нысанға сәйкес, қол қойылған «Қосылу туралы өтініш» негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушы, сондай-ақ осы Шартқа қосылған оның заңды Өкілі және Университет осы Шартта белгіленген барлық талаптар мен міндеттемелерді тұтастай, Университеттің уәкілетті қызметкерлері Өтінішті қабылдағаны туралы белгі жасағаннан кейін ғана қабылдайды.

Тараптар «Қосылу туралы өтінішке» қол қойылған күн Шарт жасасу күні болып табылады деген келісімге келді. Өтінішке Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден бірдей 2 (Екі) данада қол қойылады.

Білім алушының «Қосылу туралы өтініш» беруі Университеттің оны Университет білім алушыларының құрамына қабылдау міндетінің автоматты түрде туындауын білдірмейді. Оқуға қабылдау осы Шарттың талаптары негізінде жүзеге асырылады.

Осы Шарт үлгілік бекітілген нысан болып табылады және Білім алушы мен оның заңды Өкілі тарапынан өзгертуге жатпайды.

Университет осы Шартта айқындалған тәртіппен осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Осы Шарттың біржақты өзгеруі туралы Университет Білім алушыны, ал Білім алушы көмелетке толмаған жағдайда – Өкілін Университеттің ресми сайтында және ақпараттық жүйелерде және Білім алушымен коммуникация құралдарында ақпаратты орналастыру жолымен осындай өзгерістер күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 15 (Он бес) күннен кешіктірмей хабардар етеді.

Тараптар осы Шарттың нысаны мен оған қосылу тәртібі шарттар жасасудың жазбаша нысанына теңестірілетініне сөзсіз келіседі.

## **1. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

### **1.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Университет өзіне:**

**а)** Білім алушының өтеулі негізде оқуын ұйымдастыру бойынша:

- Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген кредиттер санына уақтылы тіркелу және игеру шартымен Білім алушының «Қосылу туралы өтініште» көрсетілген білім беру бағдарламасының жоғары білім беру бағдарламаларының жекелеген тобы бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша. Жоғары білім беру бағдарламаларының жекелеген тобы бойынша оқытудың нормативтік, сондай-ақ ең ұзақ мерзімі Қазақстан Республикасының нормативтік актілерімен және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады;

**б)** Білім алушыға қосымша өтеулі білім беру қызметтерін алу мүмкіндігін беру бойынша;

**с)** Ұлттық бірыңғай тестілеуді (бұдан әрі – ҰБТ) жоғары білім беру саласындағы ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде қайта тапсырып, Университетке растайтын құжаттарды ұсыну шартымен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқыту және осы Шарттың 2.1.1-тармағына сәйкес Білім алушыны Университет студенттерінің құрамына қабылдау, «бакалавр» дәрежесін беру, қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары білімнің тиісті білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған Білім алушыға қосымшасымен өзіндік үлгідегі диплом беру бойынша міндеттемелерді алады.

## 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 2.1. Университет келесі міндеттерді өзіне алады:

2.1.1. Білім алушыны Қазақстан Республикасының нормативтік актілері және Университеттің нормативтік құжаттары негізінде Университет білім алушыларының қатарына ол немесе оның Өкілі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1-қосымшаға сәйкес оқуға түсудің біржолғы жарнасын және тандалған академиялық кредиттер құнының толық сомасы мөлшерінде ақыны төлеген жағдайда қабылдауға.

\*Ескерту: Біржолғы жарнаның мөлшері және 1-ші академиялық кредиттің құны Атқарушы орган – Басқарма бекіткен Университет қызметтері құнының тізілімінде оқуға түсудің тиісті жылына және Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларында белгіленеді.

Білім алушы тіркеле алатын кредиттер саны Университеттің Академиялық саясатында бекітілген. Құжаттардың толық пакетін ұсыну, оқуға түсудің тиісті жылына бекітілген Университет қызметтері құнының тізіліміне және Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларына сәйкес белгіленген мерзімде біржолғы жарна мен бастапқы соманы енгізу шартымен ұсынылған Қосылу туралы өтініш пен осы Шарт негізінде бұйрықпен Университетке оқуға қабылдауға.

Университет ҰБТ тапсырудан тиісті балдар санын жинай алмаған Білім алушыны студенттер құрамына (шартты түрде қабылданған) тек бірінші академиялық жылға қабылдауға.

ҰБТ-ны қайта тапсыру туралы растайтын құжаттарды ұсынған және ҚР барлық нормативтік актілерін немесе Университеттің ішкі актілерін, төлеу тәртібі мен мерзімдерін сақтаған кезде осы Шарт қайта жасасуға жатпайды. Білім алушының, Өкілдің және Университеттің құқықтары мен міндеттеріне қатысты осы Шарттың негізгі талаптары күшінде қалады.

2.1.2. Білім алушыны таныстыру үшін Университеттің ресми электрондық ақпараттық ресурстарында ішкі нормативтік құжаттарды орналастыруға;

Тараптар Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен танысу туралы Білім алушының жеке қолы талап етілмейді деген келісімге келді.

2.1.3. Қазақстан Республикасының Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына, Университеттің Академиялық саясатына және білім беру процесін реттейтін өзге де ішкі құжаттарға сәйкес бакалавр немесе магистр дайындығын қамтамасыз етуге;

2.1.4. Білім алушының денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында міндетті медициналық қызмет көрсету жағдайында медициналық бөлімшесінің жұмысын ұйымдастыруға;

2.1.5. Білім алушы жүргізген тіркеуге сәйкес Білім алушының оқу жүктемесінің көлемін анықтауға және оқытудың салауатты, қауіпсіз жағдайларын жасауға;

2.1.6. Университеттің ішкі нормативтік актілерінде көзделген тәртіпте Университеттің кітапханасы мен оқу залдарының оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорын пайдалануға еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

2.1.7. Білім алушыға Университеттің оқу бағдарламалары шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін Университет басшылығы бекіткен жекелеген Ережелерде көзделген тәртіппен және шарттарда компьютерлік техниканы пайдалану мүмкіндігін беруге;

2.1.8. Жеке оқу жоспарына сәйкес ғылыми немесе кәсіптік тағылымдамаларды қоса алғанда, Білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуін, зерттеу жұмыстарының барлық түрлерін және практикалық даярлықтан өтуін ұйымдастыруға;

2.1.9. Білім алушыға Университеттің ғылыми, мәдени, спорттық және басқа да іс-шараларына ерікті түрде қатысуға мүмкіндік беруге және ұйымдастыруға;

2.1.10. Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне, Университеттің Академиялық саясатының қағидаларына сәйкес Білім алушының жеке өтініші негізінде басқа білім беру ұйымына, оқытудың бір нысанынан екіншісіне, бір тіл бөлімінен екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан (мамандығынан) екіншісіне ауысуға;

2.1.11. Білім алушыға Университеттің Академиялық саясатында және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарында көзделген шарттар мен тәртіпте қосымша кредиттерді игеру мүмкіндігін беруге;

2.1.12. Білім алушы өз қалауы бойынша Университеттен шығарылған және/немесе Университеттің, Білім алушының және/немесе Өкілінің бастамасы бойынша осы Шартты бұзған кезде, Білім алушының оқу сабақтарына қатысуына қарамастан, төлем қайтарылмайды. Білім алушының өз қалауы бойынша оқудан шығару ережелері Университеттің Академиялық саясатымен және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттелген.

2.1.13. Осы Шартқа, тиісті жылға арналған қызметтер құнының тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, ақпаратты Университеттің ресми сайтында Интернет желісінде, сондай-ақ Білім алушылармен Ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында осындай өзгерістер күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 15 (Он бес) күннен кешіктірмей орналастыруға міндетті.

## 2.2. Университеттің құқығы бар:

2.2.1. Білім алушыдан осы Шартқа сәйкес өз міндеттерін адал және тиісінше орындауын, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерін, оқу тәртібін, Университет оқытушыларына, қызметкерлеріне, білім алушыларына сыпайы және құрметпен қарауын сақтауды талап етуге, әлеуметтік желілер мен БАҚ-та қисынсыз «жалған» ақпаратты, сондай-ақ бейне/аудио және өзге де оқу контентін таратпауға, Университеттің имиджіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер мен мәлімдемелерге жол бермеуге, осы Шарттың №2-қосымшасында көрсетілген талаптарды сақтауды талап етуге;

Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілері (құжаттары) оның ресми ақпараттық ресурсында (Университет сайты, оқytудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі, корпоративтік пошта және т.б.) орналастырылған. Тараптар Университеттің ресми ақпараттық ресурсында (Университет сайты, автоматтандырылған ақпараттық жүйе және т.б.) орналастырылған ішкі жергілікті нормативтік актілерге өзгерістер енгізу кезінде танысу туралы жазбаша акт жасауды талап етпейтіні туралы келісімге келді.

Университеттің ресми ақпараттық ресурсында (Университет сайты, корпоративтік пошта, автоматтандырылған ақпараттық жүйе және т.б.) орналастырылған ішкі жергілікті нормативтік актілері (құжаттары) Университеттің ресми сайтында жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн өткен соң заңды күшіне енеді.

2.2.2. Білім алушыға оқу тәртібін, осы Шарттың 2.2.1-тармағының шарттарын, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерін бұзғаны үшін тәртіптік ықпал ету шараларын, тіпті Университеттен шығаруға дейін қолдануға;

2.2.3. Білім алушыдан Университеттің мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа техникамен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап етуге;

Білім алушының іс-әрекетімен материалдық залал келтірілген жағдайда оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуді талап етуге;

2.2.4. Академиялық саясат талаптарын орындамаған, жазғы семестрдің нәтижелерін есепке ала отырып, академиялық кредиттердің белгіленген санын немесе ең төменгі ауысу балын (GPA) жинамаған және/немесе осы Шарттың 2.4.8-т.есепке ала отырып, жылдық жеке оқу жоспарын орындамаған Білім алушыны қайта оқу кезеңіне қалдыруға;

Бұл ретте Білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары бойынша білім ала алады немесе жаңа жеке оқу жоспарын қалыптастыра алады.

Белгіленген мерзімде қайта оқу курсына тіркелмеген Білім алушыны оқудан шығаруға;

2.2.3. Білім алушыдан Университеттің мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа техникамен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап етуге;

Білім алушының іс-әрекетімен материалдық залал келтірілген жағдайда оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуді талап етуге;

2.2.4. Академиялық саясат талаптарын орындамаған, жазғы семестрдің нәтижелерін ескере отырып, академиялық кредиттердің белгіленген санын немесе ең төменгі көшіру балын (GPA) жинамаған және/немесе осы Шарттың 2.4.8-т.ескере отырып, жылдық жеке оқу жоспарын орындамаған Білім алушыны қайта оқу кезеңіне қалдыруға;

Бұл ретте Білім алушы бұрын қабылданған Жеке оқу жоспары бойынша білім ала алады немесе жаңа жеке оқу жоспарын қалыптастыра алады.

Белгіленген мерзімде қайта оқу курсына тіркелмеген Білім алушыны оқудан шығаруға;

2.2.5. Білім алушыны оқу, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеуді және марапаттауды жүзеге асыруға;

2.2.6. Университеттің ішкі жергілікті нормативтік құжаттарында көзделген мерзімде және шарттарда қосымша кредиттерді игеру мүмкіндігін ұйымдастыруға;

2.2.7. Тәртіптік теріс қылық жасағаны, ішкі жергілікті нормативтік актілердің (құжаттардың) ережелерін, оқу тәртібін жүйелі немесе өрескел бұзғаны (дәлелді себепсіз сабақты жіберу, Университеттің ақпараттық ресурстарына заңсыз қол жеткізу, дәйексіз құжаттарды, оның ішінде медициналық анықтамаларды ұсыну), академиялық үлгермеушілігі үшін, осы Шарттың талаптарын, оның ішінде 2.2.1-тармақтың талаптарын, Университет Жарғысының, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерінің нормаларын бұзғаны үшін, оның туындау негіздеріне қарамастан, Университет алдындағы қаржылық берешегі үшін Білім алушыны оқудан шығаруға және біржақты соттан тыс тәртіппен осы Шартты бұзуға;

2.2.8. Университеттің Академиялық саясатымен белгіленген академиялық сабақтарды жіберудің ең көп санынан асып кеткен жағдайда пәнді одан әрі оқуға және/немесе Білім алушыны бақылаудың барлық түрлеріне жіберілуіне жол бермеуге;

2.2.9. Білім беру бағдарламасы бойынша Білім алушылардың саны жеткіліксіз болған жағдайда (30 адамнан кем) Білім алушыны (оның келісімімен) басқа мамандыққа ауыстыруға, ал Білім алушының ауысуға келісімі болмаған жағдайда осы Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзу және Білім алушыға оқу үшін артық төленген соманы қандай да бір ұстап қалусыз қайтаруға;

2.2.10. Жеке Білім алушыны немесе оның Өкілін қаржылық академиялық берешегінің бар екендігі туралы, сондай-ақ келесі академиялық кезеңге тіркелу үшін келу қажеттілігі туралы хабардар етпеуге (академиялық үлгерімі, қаржылық берешегі туралы ақпарат Университеттің электрондық ақпараттық ресурстарында орналастырылады). Кәмелетке толмаған Білім алушының Өкілін академиялық үлгерімі немесе қаржылық берешегі туралы Өкілдің жазбаша сұрауы бойынша ғана хабардар етуге міндетті.

2.2.11. Академиялық ағымдарды қайта құруды жүзеге асыруға;

2.2.12. Білім алушыны зерттеу нәтижелерін қолдан жасау, бұрмалау, үшінші тұлғалардың зерттеулерін ұрлау және/немесе бүлдіру, жақсы нәтиже алу мақсатында сөз байласу немесе алдау, плагиат жасау, оның ішінде басқа адамның жазған жұмыстарын ұсыну, пара алу сияқты Академиялық адалдық Кодексіні өрескел бұзғаны үшін оқудан шығарғанда Университет осындай Білім алушының деректерін Университеттің ресми сайтында оқудан шығару негіздемесін көрсете отырып орналастыруға;

Қосылу туралы өтінішке қол қою кезінде Білім алушы осы тармақта көрсетілген негіздер басталған кезде осындай деректерді орналастыруға өзінің қайтарып алынбайтын келісімін береді.

2.2.13. Тараптар Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес, Білім алушыға, оның заңды Өкіліне тікелей немесе жанама қатысты, осы Шарт шеңберінде және/немесе Университет білім беру және өзге де қызметтер көрсеткен кезде қолжетімді болатын биометриялық деректерді, сондай-ақ кез келген ақпаратты, оның ішінде: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, мекенжайы, отбасы жағдайы, білімі, ұлты («Дербес деректер»), жинауды, өңдеуді, сақтауды, пайдалануды, беруді (таратуды, ұсынуды, қол жеткізуді) және жоюды («Өңдеуді») жүзеге асыруға құқылы екендігі туралы келісімге келді.

Университет биометриялық және дербес деректерді қорғау саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Білім алушы мен оның заңды Өкілінің осы Шарттан туындайтын мақсаттар үшін дербес деректерді жинауға, сақтауға, өңдеуге және мемлекеттік уәкілетті органдарға және ҚР Білім және ғылым министрлігіне беруге, сондай-ақ Университет білім беру және өзге де қызметтерді көрсетуге жазбаша келісімі Білім алушы мен оның заңды Өкілінің осы Шартқа қосылған сәтінде алынған болып есептеледі.

2.2.14. Осы Шартты:

- жоғары білім беру саласындағы ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде ҰБТ-ны қайта тапсырмаған (тиісті балл санын жинамау);
  - Университетке ҰБТ қайта тапсыру туралы растайтын құжаттарды ұсынбаған;
  - Оқу ақысын төлеу кестесіне сәйкес таңдалған кредиттер құны мөлшерінде оқу ақысын төлемеген жағдайда соттан тыс біржақты тәртіппен бұзуға.
- Бұл жағдайда оқу ақысы (бірінші академиялық жыл) қайтарылмайды.

### **2.3. Өкілдің міндеттері мен құқықтары:**

2.3.1. Өкіл осы Шарттың және оған Қосымшалардың (оқу ақысын төлеу кестесі) 2.1.1-т. және 3.2-т. сәйкес Университеттің есеп айырысу шотына төлемнің уақтылы түсуін қамтамасыз етуге міндетті.

Білім алушы кәмелетке толған кезде білім беру қызметтеріне уақтылы ақы төлеу жөніндегі міндеттемелер Білім алушыға ауысады.

2.3.2. Өкілдің Білім алушының дебиторлық берешегінің бар-жоғын анықтау үшін өзі енгізген сомалардың Университеттің есеп шотына түсуін салыстырып тексеруге, сондай-ақ жазбаша сұрау жіберу арқылы Білім алушының үлгерімі мен сабаққа қатысуын бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар.

2.3.3. Өкіл Білім алушы кәмелетке толғанға дейін Білім алушының өз міндеттерін орындауын және белгіленген Қағидаларды сақтауын қамтамасыз етуде Университетке жәрдем көрсетеді, Университетпен байланыста болу жолымен оның оқу сабақтарына қатысуын және үлгерімін бақылауды жүзеге асырады және тәрбиелік сипаттағы шаралар қабылдайды. Білім алушы Өкілге академиялық және/немесе қаржылық берешегінің болуы туралы дербес және уақтылы хабарлауға міндеттенеді.

Өкіл өз кезегінде Білім алушының үлгерімін, сабаққа қатысуын және қаржылық берешегін үнемі бақылауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2.3.4. Тараптар Білім алушы көмелетке толған кезде Өкілдің құқықтары мен міндеттері Білім алушыға ауысады деген келісімге келді. Бұл ретте қосымша келісім жасасу (осы Шарттың тараптары ретінде Өкілдің кетуі туралы) талап етілмейді.

2.3.5. 2.3.4.-т. көзделген жағдай басталған кезде 2.3.1-тармақта көзделген Білім алушы үшін Кепілгердің берешекті өтеу жөніндегі шарт Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді тоқтатқанға дейін сақталады.

2.3.6. Дербес немесе Білім алушы арқылы Интернет желісінде Университеттің ресми сайтында, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде және Білім алушымен байланыс құралдарында орналастырылған осы Шартқа немесе қызметтер құнының тізіліміне өзгерістер мен толықтыруларды бақылауды жүзеге асыруға. Бұл ретте Өкілдің Шарттың және/немесе құн тізілімінің өзгерістеріне қатысты хабардар еместігіне сілтеме жасауға құқығы жоқ.

## **2.4. Білім алушы міндеттенеді:**

2.4.1. Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілері, Университет басшылығының бұйрықтары мен өкімдері, Университет Жарғысы, осы Шарттың талаптары, Академиялық саясат, Академиялық адалдық жөніндегі нұсқаулықпен және ресми ақпараттық ресурста орналастырылған өзге де құжаттармен танысуға, сақтауға және орындауға;

2.4.2. Университеттің мүлкіне ұқыпты қарау және оны ұтымды пайдалану, оқу орнында, жатақханада, асхана мен кітапханада тазалық пен тәртіпті қамтамасыз ету, білім алу және тұру үшін дұрыс жағдай жасауға қатысуға;

2.4.3. Құжаттарды тапсыру кезінде Университет қызметтері құнының тізіліміне сәйкес түсудің тиісті жылына түсудің біржолғы жарнасын төлеуді жүзеге асыруға;

Бұйрықпен білім алушылардың құрамына қабылданған Білім алушыны оқудан шығару кезінде, оқудан шығару негізіне қарамастан, түсудің біржолғы жарнасы қайтарылуға жатпайды. Білім алушы оқуға қабылдау туралы бұйрық шыққанға дейін оқудан шығарылған кезде, өтініш берілген сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде түсу жарнасы сомасының 50% қайтаруға жатады.

2.4.4. Білім беру қызметтеріне ақы төлеуді осы Шартқа № 1-қосымшаның негізінде жеке өзі немесе өз Өкілі арқылы уақтылы жүргізуге;

2.4.5. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына негізделген жеке оқу жоспарындағы білімді, практикалық дағдыларды толық көлемде меңгеру, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға, бақылаудың барлық түрлерін белгіленген мерзімде тапсыруға;

2.4.6. Жеке оқу жоспарын құру кезінде білім беру саласындағы нормативтік актілерді Университеттің Академиялық саясатының ережелерін қатаң сақтау және оқу пәндеріне тіркелудің белгіленген тәртібі мен мерзімдерін сақтауға;

2.4.7. Дәлелді себептермен, оның ішінде Білім алушы амбулаториялық немесе стационарлық емделуде болған кезде сабақтарды өткізіп алған жағдайда, өзі немесе туыстары не Өкілі арқылы 2 жұмыс күні ішінде Жоғары мектептің тиісті директорын (факультетін) болған жағдай туралы жазбаша хабардар етуге, кейіннен уақытша еңбекке жарамсыз парағы/анықтамасы жабылған (олардың дұрыстығын тексеру үшін) немесе төтенше сипаттағы оқиғалар аяқталған сәттен бастап осы жағдайды растайтын құжаттарды 5 жұмыс күні ішінде ұсынуға;

Білім алушы амбулаториялық немесе стационарлық емделуде болған кезде уақытша еңбекке жарамсыздық парағы/анықтамасын жапқан сәттен бастап олардың жарамдылығын тексеру үшін 3 күннен кешіктірмейтін мерзімде растайтын құжаттарды ұсына отырып, бұл туралы Университетті жазбаша хабардар етуге;

Жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде осы тармақта көрсетілген оқиғаларды растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Университет бұдан әрі білім алушыларға ұсынылған құжаттарды қабылдауға және қарамауға құқылы.

2.4.8. Жеке оқу жоспарында қарастырылған барлық жұмыс түрлерін орындау және пән бойынша несие алу үшін оң қорытынды баға алуға. Білім алушы пән бойынша қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған кезде осы пән бойынша кредиттер берілмейді.

Үлгерімді ағымдағы бақылауды, аралық қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерінде айқындалады.

2.4.9. Пән бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген қорытынды баға алған және/немесе 2.2.8-т.сәйкес сабақты жібергені үшін пәнді оқуға жіберілмеген Білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе қосымша семестрде ақылы негізде жеке оқу жоспарында көзделген оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайта қатысады, рұқсат алады және қорытынды бақылауды тапсырады. Ол үшін Білім алушы қайтадан пәнге тіркелу рәсімінен өтеді. Кредиттердің белгіленген санын және/немесе ең төменгі ауысу балын алмаған, өзінің жылдық жеке оқу жоспарын орындамаған Білім алушы тиісті бұйрыққа сәйкес қайта оқу курсына қалады.

2.4.10. Әскери есепке алу ережелерін қадағалауға;

2.4.11. Қазақстан Республикасының аумағында азаматтарды уақытша тіркеу ережелерін сақтау. Бұл ретте Білім алушы Университетті жазбаша хабардар етуге міндеттенеді:

- қаладан немесе елден тыс жерге болжамды шығу күніне дейін 3 (Үш) жұмыс күні бұрын;
- Қазақстан Республикасының аумағына келген күні төлқұжат пен келуді растайтын құжаттарды ұсынуға;
- уақытша тұру туралы құжатта (УТР) көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болу мерзімі өткенге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының аумағында үздіксіз болу кезінде, уақытша болу мерзімдерін ұзарту қажеттілігі туралы;

Университетті ақпараттандырмаған және/немесе ақпараттандырудың мерзімдері мен тәртібін бұзған жағдайда Білім алушы Университетке барлық айыппұл санкцияларын, сондай-ақ Университеттің ықтимал шығындарын өтейді.

2.4.12. Әкімшіліктің талабы бойынша келісім-шарт талаптарын, ішкі тәртіп ережелерін, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерін сақтау мәселелері бойынша жазбаша түсініктемелер беруге;

2.4.13. Жыл сайын Университеттің медицина қызметкерлеріне медициналық тексеруден және флюорографиядан өткенін растайтын тиісті ресімделген құжаттарды ұсынуға. Медициналық тексеруді немесе флюорографияны олардың мерзімі өткеннен кейін немесе Университет әкімшілігі белгілеген мерзімде ұсынбау Білім алушыны оқу сабақтарына және/немесе ағымдағы, қорытынды бақылауға жібермеуге әкеп соғады.

Ауырған жағдайда осы Шарттың 2.4.7-т. сәйкес денсаулық жағдайы туралы медициналық құжаттарды ұсынуға;

2.4.14. Тегі, аты, әкесінің аты, отбасы жағдайы, тұрғылықты жері, телефоны, электрондық пошта мекенжайы өзгерген сәттен бастап 3 (Үш) жұмыс күні ішінде тиісті құжаттарды ұсына отырып, бұл туралы Университетті жазбаша хабардар етуге міндетті. Хабарламаған жағдайда Университет құжаттардың уақтылы берілуіне, хат-хабарларды жөнелтуге немесе Білім алушының тиісті деректеріне байланысты өзге де іс-әрекеттерге жауапты болмайды.

2.4.15. Университеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің пайдаланушысы болып табылатын Білім алушы құпиялылықты сақтауға міндетті және өзінің жүйеге кіруін қамтамасыз ететін өзінің логині мен құпия сөзін біреуге беруге құқығы жоқ. Білім алушы Университеттің электрондық ақпараттық жүйелерінде өз бетінше тіркеу жүргізеді, өтініш жазады және береді.

Университеттің электрондық ақпараттық жүйелерінде өтініштердің барлық нысандары мен түрлерін тіркеу және беру рәсімдері жазбаша өтініш беру нысанына теңестіріледі.

2.4.16. Университеттің іскерлік беделіне және ар-намысына нұқсан, материалдық залал келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте толық материалдық жауапкершілік алуға;

2.4.17. Практиканың барлық түрлерінен уақтылы өтуге, олар бойынша есептерді қорғауға, зерттеу жұмыстарының барлық түрлерін жүзеге асыруға, Жеке оқу жоспарына сәйкес практикалық дайындықтан, ғылыми және кәсіби тағылымдамадан өтуге;

2.4.18. Тиісті жылға «M.S. Narikbaev atynda y KAZGUU Universiteti» АҚ қызметтер құнының тізіліміне сәйкес кітапхана қорына зиян келтіргені үшін (әдебиетті кітапхананың оқу залынан өз бетімен шығару, кітаптарды бүлдіру/парақтарды жырту/кітапты уақтылы кітапханаға қайтармау, кітапты жоғалту және т.б.) жауапкершілік алуға;

2.4.19. Білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлеріне және Білім алушыларына құрметпен қарауға, әлеуметтік желілерде және БАҚ-та қисынсыз «жалған» ақпаратты таратпауға, Университеттің имиджі мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер мен мәлімдемелерге жол бермеуге, сондай-ақ бейне/аудио немесе өзге де оқу контентін таратпауға;

2.4.20. Өкілдің назарына академиялық үлгеріміне, сабаққа қатысуына, Білім алушыға тәртіптік жаза салуға және оны материалдық жауапкершілікке тартуға қатысты ақпаратты уақтылы және толық көлемде жеткізуге;

2.4.21. Өз денсаулығына және өміріне, айналасындағылардың денсаулығына және өміріне ұқыпты қарауға. Білім алушы адамның өмірі мен денсаулығына қарсы бағытталған, оның жеке өзі де, оның қатысуымен де жасалған құқыққа қарсы әрекеттері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

2.4.22. «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушы» мәртебесі, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайда жүрген адам (жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және т.б.) мәртебесі болған кезде Білім алушы Университетке тиісті мәртебесін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады.

Растайтын құжаттар ұсынылмаған және/немесе дұрыс емес құжаттар ұсынылған кезде Университет Білім алушының жеңілдіктерді және өзге де төлемдерді алмағаны немесе уақтылы алмағаны үшін жауапкершілік алмайды.

2.4.23. Интернет желісінде Университеттің ресми сайтында, сондай-ақ Университетпен Ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында орналастырылған осы Шартқа немесе қызметтер құнының тізіліміне өзгерістер мен толықтыруларды бақылауды дербес жүзеге асыру. Бұл ретте Білім алушы Шарттың және/немесе құн тізілімінің өзгерістеріне, сондай-ақ қолда бар дебиторлық берешекке қатысты хабардар еместігіне сілтеме жасауға құқылы емес.

2.4.24. Бір кредиттің жеке құны түрінде қаржылық қолдау алған Білім алушы өз қалауы бойынша/Өкілдің бастамасы бойынша, сондай-ақ осы Шартта және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарында көзделген шарттар бойынша оқудан шығарылған жағдайда, Білім алушы және/немесе оның Өкілі ағымдағы академиялық жылға Білім алушы тіркелген кредиттер санын ескере отырып, қызмет құны тізілімінде бекітілген бір кредит құны мен бір кредит

## **2.5. Білім алушының құқығы бар:**

2.5.1. Университеттің Академиялық саясатының қағидаларына сәйкес, басқа білім беру ұйымына, бір оқу нысанынан екіншісіне, бір тіл бөлімінен екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан (мамандығынан) екіншісіне ауысу – жеке өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.

2.5.2. Қосымша ақымен қосымша білім беру қызметтерін алуға;

2.5.3. Кепілдік берілген депозитті қайтару шартымен, тиісті жылға Университеттің білім беру қызметтері құнының тізілімімен белгіленген мөлшерде Университеттің кітапханасы мен оқу залдары базасында оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорын еркін қол жеткізуге және пайдалануға;

2.5.4. ҚР БҒМ және Университет белгілеген ережелерге сәйкес басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша кредиттерді игеруге;

2.5.5. Университеттің өзін-өзі басқару органдарына қатысуға;

2.5.6. Өзін-өзі басқару органдарының қалауы бойынша жекелеген жобаларды қаржыландыру мақсатында ақша қаражатын жинау үшін, оның ішінде спорттық және өзге де қоғамдық іс-шараларға қатысу үшін өзін-өзі басқару органдары шеңберінде қор құруға;

2.5.7. Ерікті негізде өзін-өзі басқару органдары құрған қорға ақша қаражатын салуға;

2.5.8. Жазбаша өтініш бойынша Академиялық мәселелер бойынша кеңес алуға және/немесе Университеттің есеп шотына өзі енгізген сомалардың түсуін салыстырып тексеруге;

2.5.9. Академиялық кезең басталғанға дейін 5 (Бес) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті Жоғары мектептің Академиялық сапа комитетіне дәлелді себебін көрсете отырып, кезекті академиялық кезеңге тіркеудің мүмкін еместігі туралы өтініш беруге;

2.5.10. Егер Білім алушы өзінің жеке өтініші бойынша және тиісті Жоғары мектептің Академиялық сапа комитетінің келісімімен тіркеу болмаған академиялық кезең үшін білім беру қызметтеріне ақы төлеген жағдайда, төлем қайтармайды және келесі академиялық кезеңде оқу есебіне есепке алынады.



### **3. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ**

3.1. Оқу ақысының мөлшері, тәртібі, сондай-ақ біржолғы жарнаны төлеу Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларында, сондай-ақ тиісті жылға бекітілген Білім беру қызметтері құнының тізілімінде белгіленеді.

3.2. Ерекше жағдайларда Университет оқу ақысын төлеу тәртібі мен мерзіміне байланысты жеке жеңілдіктер қарастыруы мүмкін. Оқу ақысының жеке кестесі Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларында бекітілген. Оқуға кесте бойынша ақы төлейтін Білім алушыны оқудан шығарған кезде оған оқу сабақтарына нақты қатысуына қарамастан, кестеде көзделген төлемдерді төлеу жөніндегі міндет жүктеледі.

Талапкерге ақша қайтарылған жағдайда (ол Университетке қабылданған сәтке дейін оқудан бас тартқан кезде) Университет білім беру қызметтері құнының тізілімімен және Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларымен бекітілген соманы банктік, пошталық және басқа шығындары үшін ұстайды.

Басқа білім беру ұйымдарынан ауысатын Білім алушылар осы Шартқа Қосылу туралы өтінішке қол қойылғаннан және оқу ақысын енгізгеннен кейін тиісті бұйрықпен сабақтарға жіберіледі.

3.3. Төлем Университеттің есеп шотына төлемдерді аудару жолымен жүргізіледі.

3.4. Білім алушы Университеттен шығарылған және онымен Шарт бұзылған жағдайда, оны кейіннен Білім алушылар қатарына қайта қабылдау кезінде оқуға ақы төлеу білім алушыны қайта қабылдау кезінде Университеттің нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен, мөлшерде және шарттарда жүргізіледі.

3.5. Білім алушыға академиялық демалыс берілген жағдайда оқу ақысының мөлшері мен жүйесі сақталады.

3.6. Білім алушы медициналық сараптама комиссиясының қорытындысымен (оның ішінде мүгедектігі бойынша) расталған оқуды жалғастыруға мүмкіндік бермейтін ауруы бойынша Университеттен шығарылған кезде ақша қаражатын қайтару туралы мәселені атқарушы орган – Басқарма қарайды. Бұл ретте ағымдағы академиялық кезең үшін ауруға байланысты оқудың мүмкін еместігі туралы өтініш берілген күнге дейінгі ақша қаражаты қайтарылмайды.

3.7. Білім алушының заңнамада белгіленген тәртіппен, Университет алдында қаржылық берешегі болмаған және білім беру қызметтері үшін төлеген кезде, білім беру қызметтерін өтеулі көрсету шартында және оны қайта қабылдау сәтінде қолданылып жүрген Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде біржолғы жарнаны төлеген кезде қайта қабылдану құқығы бар.

3.8. Оқудан шығару және/немесе Осы Шартты бұзу туралы өтініш берген күнге және осы Шарттың 2.1.12-тармағын ескере отырып, Білім алушының оқу сабақтарына қатысуына қарамастан, тиісті академиялық кезеңнің білім беру процесін ұйымдастыру бойынша Университеттің өтелмеген шығыстары Білім алушының берешегі деп танылады. Берешекті өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда, Университет берешек сомасын сот тәртібімен өндіріп алады. Білім алушының немесе оның Өкілінің кінәсінен, оның ішінде Университетке негізсіз талап қою кезінде Университетке келтірілген барлық шығыстар мен сот шығындары Білім алушыға немесе оның заңды Өкіліне жатқызылатын болады.

3.9. Оқуды өз бетінше тоқтатқан және бұл туралы Университетке хабарламаған жағдайда, Білім алушының сабаққа қатысуына қарамастан, Білім алушы тиісті академиялық кезеңде оқу пәндеріне тіркелу шеңберінде Университеттің білім беру және өзге де қызметтері үшін ақы төлеуден босатылмайды. Білім алушының немесе Өкілінің (оқу нысанына қарамастан) оқуды тоқтатқаны туралы және/немесе осы Шартты біржақты тоқтатқаны туралы Университетті уақтылы хабарламағаны үшін Университет жауапты болмайды.

3.10. Демалыс кезеңінде Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру кезінде пәнді оқу үшін ақы төлеу Білім алушы ауысатын білім беру бағдарламасы кредиттерінің құны бойынша жүргізіледі.

3.11. Білім алушыны экстернат нысанында оқыту кезінде оқу құны Университеттің нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленеді, осыған байланысты тиісті қосымша келісім жасалады.

3.12. Тараптар келісімге келді және Университеттің инфляцияны ескере отырып, жылына бір реттен жиі емес 1 (Бір) академиялық кредиттің құнын өзгертуге құқылы екендігіне сөзсіз, қайтарып алынбайтын келісін береді. Бұл ретте қосымша келісімге қол қою және/немесе Қосылу туралы өтінішке қайта қол қою талап етілмейді.

Университет қызметтері құнының тізілімін өзгерту немесе толықтыру туралы ақпарат Университеттің ресми сайтында Интернет желісінде, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде және Білім алушылармен байланыс құралдарында орналастырылады.

#### 4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Білім беру қызметтері үшін қаржылық берешек туындаған жағдайда, Университет автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді бұғаттайды және Білім алушы бақылаудың барлық түрлерін (ағымдағы және қорытынды) тапсыруға жіберілмейді және Университеттен шығарылуға тиіс. Білім алғаны үшін пайда болған борыш Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндіріп алынады.

Білім беру қызметтері үшін, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттарда көзделген өзге де қызметтері үшін қаржылық берешегі болған кезде Университет Білім алушыны тиісті академиялық кезеңге тіркеуге жібермейді. Білім алушының немесе оның Өкілінің қаржылық берешегін өтеу үшін ақша қаражатын енгізуі оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Білім алушының Университеттің құрамына қайта қабылдауға құқық береді.

4.2. Транскрипт және Білім алушының жеке ісіндегі өзге де құжаттар Білім алушы «Кету парағынан» өткеннен кейін және қаржылық берешегін өтегеннен кейін (оқу ақысын төлеу бойынша да, Университеттің қосымша қызметтері бойынша да) беріледі.

4.3. Қаржылық берешек пайда болған кезде (оқу ақысын төлеу бойынша, сондай-ақ Университеттің қосымша қызметтері бойынша) Университетті бітірген кезде қаржылық және өзге де берешек өтелгенге дейін Университетті бітіргені туралы диплом берілмейді.

4.4. Осы Шартта және оның қосымшаларында көзделген білім беру қызметтеріне ақы төлеу талаптары бұзылған жағдайда, Білім алушы (Өкіл) Университетке әрбір мерзімін өткізіп алу фактісі үшін 5 АЕК мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

4.5. Осы Шартта көзделмеген жағдайларда Тараптардың өз міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4.6. Университет Білім алушыларға тұрғылықты жері, телефоны, отбасы жағдайы туралы қате және шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді және өзге де мәліметтерді беру салдары үшін жауап бермейді.

4.7. Білім алушы өзінің тұрғылықты жері, телефоны, отбасылық жағдайы және т. б. туралы дұрыс емес және шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді ұсынудың салдары үшін толық жауапты болады.

4.8. Білім алушылар келтірілген залалды толық көлемде өтейді және Осы Шарттың 2.2.1, 2.2.7, 2.4.11, 2.4.15, 2.4.16 және 2.4.19-тармақтарында көрсетілген шарттар бұзылған/іс-әрекеттер жасалған кезде Университет Білім алушыларының құрамынан шығарылуы тиіс. Бұл ретте Университет келтірілген залалды, оның ішінде имиджі мен іскерлік беделіне, сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

#### 5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы Шартты орындау процесінде туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды тараптар өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында тікелей алдын ала тәртіппен қарайды.

5.2. Тараптар келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу жолымен шешпеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шарттың орындалатын орны бойынша шешіледі.

#### 6. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

6.1. Лицензия алып алуға байланысты тарату немесе білім беру қызметін тоқтату процесі негізінде Университет қызметін тоқтатқан жағдайда, Университет Білім алушының оқу жылын басқа білім беру ұйымдарында аяқтау жөнінде шаралар қабылдауға тиіс.

6.2. Білім алушы Университеттен қаржылық қолдау түрінде өзіндік құнның төмендеуін алған кезде:

- Құнын төмендету, Білім алушыға қаржылық қолдау ретінде оқуға ұсыну Университеттің меншігі болып табылады және Білім алушыға материалдық көтермелеу түрінде төленбейді;

- Білім алушы Университеттен шығарылған кезде Білім алушыға берілген оқу құнының айырмасы жойылады және ол осы Шарттың 2.4.24-тармағында көзделген тәртіппен өтеледі.

6.3. Осы Шартқа қосыла отырып, Білім алушы және оның заңды Өкілі Қызмет көрсету сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Білім алушымен немесе оның Өкілімен және Университет қызметкерлерімен әңгімелесудің басында жазба жүргізілгені туралы хабарламадан кейін Университет ғимаратында бейне/аудиожазбаны жүзеге асыру, қосымша хабарламаларсыз электрондық хабарламалардың сақталуын жазу, сондай-ақ телефон арқылы сөйлесулерді жазу құқығын береді. Білім алушы және/немесе оның Өкілі мұндай бейне/аудиожазбалар және/немесе телефон сөйлесулері/электрондық келіссөздер жазбалары (оның ішінде мессенджерлер арқылы) тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді сот талқылауы барысында дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігіне өз келісімін білдіреді.

## **7. ШАРТТЫ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ**

7.1. Осы Шарт Білім алушы және/немесе оның заңды Өкілі «Қосылу туралы өтінішке» қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Университеттің оқу жоспарына сәйкес оқудың бүкіл мерзіміне, сондай-ақ Тараптар қабылдаған міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

7.2. Білім алушы оқудан шығарылып, кейіннен Университеттің Білім алушыларының құрамына қайта қабылданған жағдайда, жаңа Шарт жасалады, бұл ретте жаңа шарт жасалған кезде белгіленген талаптар қолданысқа енгізіледі.

7.3. Осы Шарттың талаптарын Университет интернет желісіндегі Университеттің ресми сайтында, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде және Білім алушылармен байланыс құралдарында өзгерістер немесе толықтырулар туралы ақпаратты орналастыру арқылы өзгерте және толықтыра алады.

Осы Шарттың жекелеген талаптарының өзгеруі оның бір немесе бірнеше тармақтарының қолданылуын тоқтату ретінде осы Шарттың қолданылуын тұтастай тоқтатпайды.

7.4. Білім алушы (Өкіл) осы Шарттың 2.1.12-тармағын ескере отырып, Университетке іс жүзінде келтірілген шығындарды толық төлеген жағдайда Университетке тиісті өтініш жібере отырып, Шартты орындаудан бас тарта алады.

7.5. Тараптар арасындағы шарттық қатынастарды тоқтату сәті Тараптардың өз міндеттемелерін толық орындауы болып табылады.

7.6. Осы Шартты тоқтатуға Білім алушыны оқудан шығару туралы Университеттің тиісті бұйрығын шығару және бұзу туралы келісім жасау негіз болып табылады.

7.7. Осы Шарт интернет желісінде Университеттің ресми сайтында орналастырылған.

**Ұлттық бірыңғай және/немесе  
Кешенді тестілеуде шекті балл жинай  
алмаған тұлғаларға өтеулі білім беру  
қызметтерін көрсету шартына  
№1-қосымша (күндізгі оқу нысаны)****ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ КЕСТЕСІ**

1. Оқу ақысын төлеуді Білім алушы немесе оның Өкілі әрбір академиялық кезең (семестр) үшін академиялық кезең (семестр) басталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей 1 (бір) кредиттің құнын және Білім алушылардың тиісті академиялық кезең үшін алған кредиттерінің санын негізге ала отырып жүзеге асырады.
2. Тиісті академиялық жыл үшін білім беру бағдарламасы бойынша 1 кредиттің құны Университет көрсететін қызметтер құнының тізілімінде айқындалады және «Қосылу туралы өтініште» көрсетіледі.
3. Білім алушы бакалавриаттың немесе магистратураның білім беру бағдарламалары үшін белгіленген нормативтік және/немесе ұсынылатын оқу мерзімінен асып кеткен кезде тиісті оқуға түсу жылына «M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti» АҚ көрсетілетін қызметтер құнының тізілімі өзінің заңды күшін жояды. Білім алушы бір кредиттің құнын оқу жүзеге асырылатын тиісті жылға бекітілген Университет қызметтері құнының тізіліміне сәйкес төлейді (яғни Білім алушы оқуды аяқтауға тиіс болған әрбір келесі жылдан кейін).
4. Оқу, курста қайта оқу, пәнді қайта оқу үшін, академиялық айырмашылықты тапсыру кезінде, бұрын оқыған пәндерді есепке алу кезінде алдын ала төлем қарастырылған.
5. Білім алушы білім беру қызметтеріне Университеттің Академиялық саясатымен белгіленген кредиттер саны шеңберінде тиісті академиялық кезең үшін ғана ақы төлейді.
6. 2 (Екі) және одан да көп академиялық кезең үшін, сондай-ақ бүкіл оқу мерзімі үшін ақы төлеуге жол берілмейді. Осы Қосымшаның 4 және 5-тармақтары сақталмаған жағдайда, Білім алушының бастамасы бойынша да, Университеттің бастамасы бойынша да Өтеулі білім беру қызметтерін көрсету шарты бұзылған кезде Білім алушының сабаққа қатысуына қарамастан, оған ақшалай қаражат қайтарылмайды. Төлем тәртібі Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларымен айқындалады.
7. Тиісті білім беру бағдарламасына (мамандығына) құжаттар тапсырған кезде білім алушы оқуға түсудің тиісті жылына арналған Университет қызметтері құнының тізіліміне сәйкес осы Шартқа Қосылу туралы өтініште көрсетілген сомада түсу жарнасын төлеуді жүзеге асырады. Бұйрық негізінде Университет білім алушыларының құрамына қабылданған Білім алушыны кейіннен оқудан шығарған кезде, одан кейінгі оқудан шығару негізіне қарамастан, оқуға түсудің біржолғы жарнасының сомасы қайтарылуға жатпайды.
- Осы Шартты бұзған кезде Білім алушы немесе оның Өкілі бұйрық негізінде Білім алушыны Университет білім алушыларының құрамына қабылдағанға дейін өтініш берілген сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде төленген түсу жарнасы сомасының 50% қайтаруға жатады. Кіру жарнасы сомасының 50% мөлшерінде қалған сома қайтаруға жатпайды.
8. Білім алушы және/немесе оның Өкілі осы қосымшамен, осы Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою кезінде Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларымен танысқанын, сондай-ақ танысу туралы олардың жеке қолы талап етілмейтінін растайды.

**Ұлттық бірыңғай және/немесе  
Кешенді тестілеуде шекті балл  
жинай алмаған тұлғаларға өтеулі  
білім беру қызметтерін көрсету  
шартына №2-қосымша  
(күндізгі оқу нысаны)**

## **МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Білім алушы Университет аумағында болған кезде сыртқы келбетіне қойылатын талаптарды қоса алғанда, M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti-нің Мінез-құлық кодексін және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алуға міндеттенеді.

2. Университет аумағында және ғимараттарында:

- темекі шегуге (электронды сигареттерді, кальяндарды және т.б. қоса алғанда), «насыбай», алкогольі аз ішімдіктерді қоса алғанда спиртті ішімдіктерді пайдалануға;
- сағызды пайдалануға;
- уытты және есірткіден мас болу құралдарын, сондай-ақ олардың прекурсорларын (тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады), сондай-ақ жарылғыш, қатты иісі бар заттар мен пиротехникалық құралдарды сақтауға, пайдалануға және таратуға;
- құмар ойындарды ойнауға, мас, есірткі немесе уытқұмарлық масаң күйде келуге;
- өзімен бірге жануарларды алып келуге;

- түнгі уақытта тыныштықты және ұйқыны бұзуға (сағат 22:00-ден 07:00-ге дейінгі кезең) тыйым салынады.

3. Білім алушы және/немесе оның Өкілі Қосылу туралы өтінішке қол қойған кезде осы қосымшамен және Кодекспен танысқандығын растайды және танысу туралы жеке қол қою талап етілмейді.